

Биржалық тауарлардың тізбесін бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 28 шілде N 1035. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.12.05. N 1492 қаулысымен. Бұл қаулы қайта күшіне енді - Қазақстан Республикасы Президентінің 1996.12.31. N 3309 жарлығымен. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.08.12. N 1253 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 12.08.2000. № 1253 қаулысымен.

"Тауар биржалары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2170 Заң күші бар Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:

Қазақстан Республикасының ашық тауар биржалары арқылы ғана сатылатын биржа тауарларының тізбесі (I қосымша).

Республикалық баға комиссиясы (2 қосымша) және оның құрамы туралы (3 қосымша) Ереже.

2. "Қазақстан Республикасының аумағында тауарларды (жұмыстарды және қызметтерді) экспорттау және импорттау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 1002 қаулысына сәйкес шетелдік инвесторларға уақытша толық басқаруға берілген Қазақстан Республикасының кәсіпорындары өз өнімдерін квотасыз, лицензиясыз және контракттарын тіркеусіз жүзеге асырып, егер ол I қосымшада көрсетілген биржа тауарларына жатса, Қазақстан Республикасының тауар биржаларында сата алады деп белгіленсін.

3. Астықтың, талшықты мақтаның, тері шикізаттың, терінің, биязы жүннің, маралдардың мүйіздерінің, қойлардың ішек-қарынының (бұдан әрі - ауыл шаруашылығы өнімдерінің) тауар биржалары арқылы экспортқа төмендетілген баға бойынша сатылып, Қазақстан Республикасынан экспортталудың алдын алу мақсатында республикалық баға комиссиясы ұсынған бағадан төмендетілмей, ал, мұнайдың мұнай өнімдерінің, түсті металдардың, шойынның және олардан жасалған бұйымдардың - тауар биржасы жөніндегі республикалық комиссиясы ұсынған бағадан төмендетілмей іске асырылуы белгіленсін.

Қазақстан Республикасының тауар биржалары биржа тауарларын экспорттауға биржалық келісімдер бойынша контракт бағасын міндетті түрде көрсетіп экспорттық биржа келісімі жасалғаны туралы куәлік береді.

4. Қазақстан Республикасының Статистика және талдама жөніндегі мемлекеттік комитеті биржа саудасы жөнінде статистикалық есепті тоқсан сайын беріп тұрсын.

5. Қазақстан Республикасының тауар биржаларында оларды жасау үшін республиканың ішінде биржа тауарларын сатып алу-сату жөнінде мәмілелерді іске асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюталық бақылау комитеті жүйелі тексеру жүргізсін.

Республиканың ішінде олар тауар биржаларында жасалмай немесе тіркелмей биржа тауарларын шаруашылық жүргізуші субъектілер сатып алу-сату мәмілесін жүргізген фактісі анықталған кезде - салық төлеуден жалтарған сатушыға айып шараларын қолдану үшін аталған тексерулердің материалдары Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясына берілсін.

ЕСКЕРТУ. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ алынып тасталды, 7-10-тармақтар 6-9-тармақтар болып саналды - ҚР Үкіметінің 1997.12.30. N 1863 қаулысымен .

6. Қазақстан Республикасының барлық заңды және жеке тұлғаларының 1997 жылдың 1 шілдесінен бастап биржалық мәмілелер жасағандығы туралы куәлікті міндетті түрде ұсынбастан Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 шілдедегі N 1035 қаулысымен бекітілген биржалық тауарларды экспорттауды жүзеге асыруға құқығы бар деп белгіленсін.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті 1997 жылдың 1 шілдесінен бастап Қазақстан Республикасының барлық заңды және жеке тұлғаларына биржалық мәміле жасағандығы туралы куәлік ұсынбастан биржалық тауарларды әкетуге рұқсат етсін.

ЕСКЕРТУ. Қаулы 7,8-тармақтармен толықтырылды, 7-8-тармақтар тиісінше 9-10 тармақтар болып есептелсін - ҚР Үкіметінің 1997.06.19. N 994 қаулысымен.

8."Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 25 қаңтардағы N 89 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 18 наурыздағы N 301 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 9, 107-бап) I-тармағының күші жойылған деп танылсын.

9. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің мынадай қаулыларының күші жойылған деп танылсын:

"Астықты және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін экспортқа шығару тәртібі туралы" 1994 жылғы 8 желтоқсандағы N 1397 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 47, 518-бап);

"Республикалық баға комиссиясы туралы Ережені бекіту туралы" 1994 жылғы 23 желтоқсандағы N 1456 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 48, 546-бап);

"Өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өнімін биржалық сатуды кеңейту жөніндегі шаралар туралы" 1995 жылғы 25 қаңтардағы N 89 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 4, 49-бап);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 желтоқсандағы N 1397 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" 1995 жылғы 6 ақпандағы N 114 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 5, 61-бап);

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 8 желтоқсандағы N 1397 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 1995 жылғы 19 мамырдағы N 712 қаулысы.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-министрі*

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 28 шілдедегі
N 1035 қаулысына
1 қосымша

Биржа тауарларының
ТІЗБЕСІ

| СЭҚ (ВЭД) ТН | Партияның
Тауардың атауы | коды | төменгі шегі

I. Астық ауыл шаруашылығы өнімі, олардың ұқсатылған өнімдері

Дәнді дақылдар:

Бидай (барлық түрлері) 1001 I вагон

Қара бидай 100200000 I вагон

Арпа 100300 I вагон

Сұлы 100400000 I вагон

Жүгері 1005 I вагон

Дәнді күріш, жарма күріш 120600 I вагон

Қонақ жүгері(Сорго) 100700 I вагон

Қарақұмық, тары және

субидайықтың тұқымы 1008 I вагон
Жарылған не жарылмаған соя 120100 I вагон
бұршықтары
Рапстың уатылған және
уатылмаған тұқымы 120500 I вагон
Күнбағыстың уатылған және
уатылмаған тұқымы 1206 I вагон
Тері шикізаты:
Ірі қараның немесе жылқы
тұқымдастарының терісі 4101 50 дана
Ұсақ малдың (қой немесе қозы)
терісі 4102 500 дана
Ешкілер мен лақтардыкін қоса
басқа да тері шикізатының
түрлері 4103 500 дана
Ешкі терісінен өңделген тері 4106 4000 ш.дм
Басқа жануарлардың терісінен
өңделген тері (шошқанікін
қоса) 4107 1000 ш.дм
Замш (қой, қозы және басқа
жануарлардың терісін қоса) 410800 1000 ш.дм
Қаракөл елтірі 430130000 1000 ш.дм
Талшықты мақта 520100, 520300000 5 т.
Шиті мақта 5202 5 т.
Биязы жүн (мериностікі,
мериностан басқа, жуылған
және жуылмаған) 5101 I т.
биязылығы шамалы бұдыр жүн,
бұдырлығы шамалы
Ангор қоянының,
түйенің, ангор ешкілерінің 5102
биязы жүні
Тағамға салынатын күнбағыс,
мақта майы 1512 I т.
Тірі жануарлар:
Жылқы 0101 10 бас
Ірі қара 0102 10 бас
Шошқа 0103 50 бас
Қой мен ешкі 0104 50 бас

Табиғи мех пен одан жасалған
бұйымдар 4301-4303 10 тері
Қойдың ішек-қарны 0504 00 000
Мақта линті 1404 20 000
Жарма 1103-1105 20 т.

Ескерту. Қосымшадан сөздер алынып тасталды және толықтырылды -
ҚР Үкіметінің 1996.03.13. N 304 қаулысымен.

2. Өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім <*>

Ескерту. Қосымшаның 1-ші және 2-ші бөліміне өзгертулер
енгізілді - ҚРМҚ-нің 1995.12.28. N 1876 қаулысымен.

Ескерту. Қосымшаның 2-ші бөлімінен сөздер алынып тасталды -
ҚР Үкіметінің 1996.03.13. N 304 қаулысымен.

Ескерту. Қосымшаның 2-ші бөліміне өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің
1996.07.12. N 895 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгертілді - ҚР Үкіметінің 1997.06.12. N 956
қаулысымен .

Ескерту. 2-ші бөлім алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2004.03.11. N 307
қаулысымен .

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 28 шілдедегі
N 1035 қаулысына
2 қосымша

Республикалық баға комиссиясы туралы ЕРЕЖЕ

1. Республикалық баға комиссиясы (бұдан әрі - Комиссия) экспортқа
шығарылатын астық, талшықты мақта, тері шикізаты, тері биязы жүн, маралдың
мүйіздері, қойдың ішек-қарны (бұдан әрі - ауыл шаруашылығы өнімі)
бағаларына бақылау жасайтын мемлекеттік орган болып табылады.

Ескерту. 1-ші тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРМҚ-нің 1995.12.28. N
1876 қаулысымен.

2. Комиссия өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын
, заңдарын және басқа да нормативтік актілерін, сондай-ақ халықаралық
шарттарды, келісімдерді және осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комиссияның негізгі міндеті астық пен ауыл шаруашылығы өнімінің
төмендетілген бағамен сатылуына жол бермеу және аталған өнім бағасының
әлемдік рыноктағы бағаға сәйкестігіне бақылау жасау.

Осы мақсатта Комиссия астық пен басқа да ауыл шаруашылығы өнімдеріне республика бойынша бірыңғай ең төменгі экспортты бағаларды ұсынып, оларды Қазақстан Республикасының тауар биржаларына жеткізеді.

4. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасы және әлемдік рыноктағы биржа ақпараты мен тауарлардың еркін айналысын пайдаланады.

5. Республикалық баға комиссиясының қызметі Комиссия әзірлеген және оның төрағасы бекіткен Ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.

6. Комиссияның жеке құрамын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітеді.

7. Комиссияның төрағасы комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы үшін жеке жауап береді және Комиссия мүшелерінің арасында міндеттерді бөледі.

8. Комиссияның мәжілістері кемінде аптасына бір рет өткізіледі. Мәжілістердің өтетін орны - Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп биржасы.

9. Оның мүшелерінің қолын айғақтау үшін комиссияның қазақ және орыс тілдерінде өзінің атауы жазылған мөртаңбасы бар.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1995 жылғы 28 шілдедегі
N 1035 қаулысына
3 қосымша

Республикалық баға комиссиясының ҚҰРАМЫ

Шуховцов А.И. - Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы
министрінің орынбасары, төраға

Чтилова К.Р. - Қазақстан Республикасы Экономика
министрлігі микроэкономикалық саясат
басқармасының агроөнеркәсіп кешені
бөлімінің бас маманы

Оразаев М.А. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігі Агроөнеркәсіп кешені қаржысы
және табиғатты қорғау шараларының
басқармасы бастығының орынбасары

Папандопуло Е.Н. - Қазақстан Республикасының Баға және
монополияға қарсы саясат жөніндегі
мемлекеттік комитеті баға саясаты
басқармасының бастығы

Дворкина Т.И. - Халықаралық Қазақстан агроөнеркәсіп

биржасының вице-президенті

Ескерту. Комиссия құрамына өзгерту енгізілді - ҚРҮкіметнің
1996.05.14. N 600 қаулысымен .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК